Шағылу коэффициенті ұғымына сүйеніп, әр секундта 1 м^2 бетте жұтылған фотондар санын анықтауға болады:

$$N' = (1-\rho)N,$$

$$N' = \frac{P\lambda}{h(1+\rho)} = \frac{2 \cdot 10^{-7} Па \cdot 5 \cdot 10^{-7} м \cdot 0{,}7}{6{,}63 \cdot 10^{-34} Дж \cdot с \cdot 1{,}3} = 8{,}12 \cdot 10^{19}.$$

Жауабы: $8{,}12 \cdot 10^{-19}$ фотон.

5-есеп. Идеал шағылдыратын жазық бетке нормаль монохромат жарық түседі. Сәулелену ағыны 0,45 Вт құрайды. Осы бетке түсетін қысым күшін анықтаңыз.

Берілгені:
$\rho = 1$
$Ф_e$= 0,45 Вт

т/к: $F-$?

Шешуі:
Ауданы S бетке әсер ететін жарықтың қысым күші:

$$F = PS \qquad (5.1)$$

Мұндағы жарық қысымы:

$$P = \frac{E_e}{c}(1+\rho) = \frac{\Phi_e}{cS}(1+\rho) \qquad (5.2)$$

мұндағы $Ф_e = E_e \cdot S$ (5.2)-ні (5.1)-ге формулаға қойып, ізделінетін қысым күшін табамыз:

$$F = \frac{\Phi_e}{c}(1+\rho) = \frac{0{,}45 Вт \cdot 2}{3 \cdot 10^8 м/с} = 3 \cdot 10^{-9} Н = 3нН.$$

Жауабы: $F =$3нН.

Осындай есептерді шығарып көрсеткеннен кейін, оқушылардың білімін тексеру үшін бақылау жұмыстарын өткізуге болады.

Бақылау жұмысы

I-нұсқа. 1) Фотоэфект құбылысы кезінде жарық арқылы жұлынып шыққан электрондар фототокты көрінетін жарықпен сәулелендіреді. Осы сәулелендіру кезінде 1,2В кері кернеу толық тежеледі. Арнайы өлшеулер түскен жарықтың толқын ұзындығы 400нм екенін көрсетеді. Фотоэффектінің қызыл шекарасын анықтаңдар.

2) Платина пластинка үшін тежеуіш кернеу 3,7В-ты құрайды. Ал, шығу жұмысы 6,3эВ тең. Осы шарттар орындалғанда басқа пластинка үшін тежеуіш кернеу 5,3 В. Осы пластинкадағы электрондардың шығу жұмысын анықтаңдар.

3) Импулсі электронның импулсіне тең фотонның толқын ұзындығын анықтаңдар.Электронның жүріп өткен потенциялдар айырымы 9,8В. (Электронның массасы $m=9.11\cdot10^{-31}$кг, электронның заряды $e=1,6\cdot10^{-19}$кл)
4) Ауданы 5см^2 идеял шағылдыратын бетке 3 минут уақыт ішінде энергиясы 9Дж монохромат жарық түседі. Мынаны анықтаңыздар: 1) Беттің жарқырауын (уақыт бірлігінде бірлік бетке түскен барлық фотонның энергиясын); 2) Бетке түскен жарық қысымын.

II-нұсқа. 1) Металл бетінен ұшып шыққан фотоэлектрондар 3В тежеуіш кернеу бергенде толық тежеледі. Осы металл үшін фотоэффек түскен монохромат жарықтың жиілігі $6\cdot10^{14}$Гц . Мынаны: 1) Электронның металдан шығу жұмысын; 2) бетке түсетін жарық қысымын анықтаңыздар.
2) Вакуумдық фотоэлементті толқын ұзындығы 0,4мкм монохромат жарықпен сәулелендіргенде ол 0,2В потенциялдар айырымына дейін зарятталады. Фотоэлементті толқын ұзындығы 0,3мкм монохромат жарықпен сәулелндіргенде қандай потенциялдар айырымына ие болады?
3) Электронның тыныштықтағы энергиясындай энергияға ие фотонның энергиясын анықтаңыз. Энергияны электрон – Вольтпен өрнектеңіздер.
4) Түскен сәулелерге перпендикуляр орналасқан қарайтылған бетке түскен монохромат жарықтың қысымы 0,12мкПа. 1с уақытта 1м^2 бетке түскен фотондар санын анықтаңыз.

III – нұсқа. 1) Толқын ұзындығы 280нм ультракүлгін сәулемен күміс шарикті сәулелндіргенде ол қандай потенциалға ие болады? Күмістен электронның шығу жұмысы 4,7эВ.
2) Егер фотоэффектінің қызыл шекарасы 275нм болса, электрондардың вольфрамнан шығу жұмысы қаншаға тең болады?
3) Электрон толқын ұзындығы 0,5мкм фотонның импульсындай импульске ие болу үшін қандай жылдамдықпен қозғалуы керек?
4) Қолданылған қуат сәулеленуге кетеді және қабырғалар түскен сәуленің 15% - ін шағылдырады деп , 150 Ваттық электр шамының қабырғаларына жарықтың түсіретін қысымын есепте. Шамды радиусы 4см сфералық пішінде деп есептейміз.

*IV-нұсқа*1) Калий толқын ұзындығы 400нм монохромат жарықпен сәулеленеді. Фототок тоқтайтын ең кіші кернеуді анықта. Калийден электронның шығу жұмысы 2,2 эВ.
2) Энергиясы 5эВ фотондар фотоэлектрондарды металдан 4,7эВ шығу жұмысының көмегімен жұлып шығарады. Электроннның беттен ұшып шыққан кездегі максимум импульсін есепте.
3) Орташа энергиясы толқын ұзындығы 600нм фотонның энергиясына тең үш атомды газдың температурасын анықта.
4) Перпендикуляр орналасқан бетке монохромат сәуленің түсіретін қысымы 0,2мкПа. 1с уақытта 1м^2 бетке түсетін фотон санын анықта.

Сонымен, жарық кванттары тақырыбын оқытуға қажетті дидактикалық материалдар: сұрақтар, есеп шығару үлгілері, бақылау жұмыстары дайындалды. Осы дайындалған дидактикалық материалдарды жаратылыстану – математика бағытында оқитын сыныптар үшін қолдануға болады.

1. Акитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері. Алматы 2006.
2. Акитай Б. Е. Амангельдиева Ж.Т. Физикадан оқушылардың өзіндік жұмыстарының жүйесін құрудың дидактикалық принциптері және оған жетекшілік ету. Ізденіс №3 (2), 2002.
3. Яворский Б.М. Основные вопросы современого школьного курса физики. М: Просвещение, 1978.

УДК 378

Қ.С. Алдажаров, А.М. Нурпеисова*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ

*(Алматы қ., Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, *-магистрант)*

Мақалада қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – білім беру жүйесінде оқыту үрдісін технологияландыру туралы айтылған. Сонын ішінде қазіргі білім берудің жаңаруы, үздіксіз білім берудің қазіргі жүйесінің дамуы, білім беру сапасын арттыру, білім беру жүйесін ақпараттандыру, қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан оқыту мәселелері қарастырылған. Сондықтан қазіргі уақытта әлемде қоғамның ақпараттық технологиялармен қоса қашықтықтан білім беру технологиясы мемлекеттің даму көрсеткіштерінің бірі болып саналады.

В статье говорится об одном из главных вопросов современного общества – о технологировании процесса обучения в образовательной системе. В том числе рассмотрены вопросы обновления современного образования, развития современной системы непрерывного образования, увеличения качества образования, информатизация системы образования, вопросы дистанционного обучения основанный на современных технологических достижениях. Поэтому в настоящее время в мире вместе с информационными технологиями общества, технология дистанционного образования – считается одним из показателей развития государства.

In the article about one the major issues of modern society – the tehnologirovanii learning in education, the development of a modern system of continuos education, hobbies, education guality, informatization of the education system, issues of distance learning osnavanny tehnologiyacheskih on modern achievements. There fore, at present the world with information on technology society, technology, distance education – is one indicator of the state.

XXI ғасыр көптеген ғалымдар үшін қазіргі қоғамдағы білім беру саласының рөлі туралы көзқарастарымызды өзгерткен түбегейлі өзгерістер енгізілген инновациялық дәуірдің тууымен байланыстырылады. XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір болып саналады.

2020 жылға дейінгі қазақстандық білім берудің жаңаруы білім беру саясатының жүзеге асырылуын көздейді, сол себепті ол өз кезегінде үздіксіз білім берудің қазіргі жүйесінің дамуын, білім беру сапасын арттыруды, жалпы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз етуді, білім беру саласының инвестициялық тартымдылығын арттыруды көздейді. [1]

Сондықтан білім беру интеграциясы мен ұлтаралылығы білім беру қызметтерінің әлемдік нарығының қалыптасуына ықпал етеді. Бүгін-ақ арақашықтық пен мемлекеттік шекараға қарамастан беріліп жатқан білім қызметтері ашығырақ технологиялық білім беру жүйелері пайда болып, әрекет етуде. Дәстүрлі (классикалық) білім берумен қатар, қазіргі білім беру және ақпараттық технологияларға негізделген дәстүрлі емес оқыту амал-тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Бұл Интернет-технологиялар немесе электронды білім беруге негізделген ашық және қашықтан оқыту жүйелері.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін ақпараттандырудың басты мақсаты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қазақстандық білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін ортақ ақпараттық білім беру ортасын құру, азаматтардың барлық сатылар мен барлық деңгейлерде білім алуына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, сондай - ақ Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіндегі ақпараттық кеңістігін интеграциялау.

Соңғы он-он бес жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Сондықтан оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады.[2]

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Сол себепті ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Біздің ойымызша қазіргі еліміздің білім беру саласына талап етіліп отырған негізгі міндеттер ретінде: ол ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде білім беру үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиалық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту, т.б. негізгі бағыттарды қарастыруға болады.

Сондықтан білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Ал ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Негізінен қоғамды ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді

Сол себептен жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін технологияландыру мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуде. Үздіксіз білім берудің көп деңгейлі жүйесі мен халықаралық білім беру кеңестігіне қадам басудағы жоспарлы интеграция өз кезегінде, білім беру жүйесін басқарудағы жаңа талаптарды жан-жақты саралауды қажет етеді.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби біліктілігін арттыру, тұлғалық қабілеттерін шыңдау саналы, тұжырымды ойлау мәдениетін дамытып, ішкі әлемі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастырып, оны дамыта оқыту, оқыту үдерісінің негізгі мақсаты болып табылады. [3]

Қазіргі таңда сабақтарда проблемалы-бағдарлау және кейс-технологиялар, контекстік оқыту, әлемдік ақпараттық ресурстар және білім базасы, бейне-курстар, электрондық оқулықтар, ғылыми-танымал бейнефильмдер және басқа дидактикалық материалдар пайдаланылады. Қашықтықтан оқытуда негізгі ақпаратты тасушы оқытушы ғана емес, сонымен қатар оқу-әдістемелік құралдарының мазмұны маңызды роль атқарады.

Болашақта Қазақстанда білім беру жүйесін ақпараттандыру телекоммуникациялық желілерді жасау және дамытумен ұштасады. Ал білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас коммуникациялық желілерді арқылы шешіледі. Сондықтан білім беру жүйесінің негізгі міндеттері біртұтас телекомуникациялық желіні құру және дамыту арқылы шешіледі. Олар:

- ақпараттық мәдениетті ұйымдастыру мен жеделдету процесін жоғары деңгейге жеткізу;
- жасалынған және дамып келе жатқан телекоммуникациялық желілерді біртұтас бүкіләлемдік информациялық кеңістікте интеграциялау;
- біртұтас ақпараттық кеңістікте әртүрлі деңгейдегі ақпараттармен алмасуды қамтамасыз ету;
- білім беруді дербестендіруді қамтамасыз ету, қашықтықтан оқытуға мүмкіндік жасау.

Қазіргі заманда білім беруді ақпараттандыру жағдайында компьютер оқыту мен дидактикалық құралға айналып отыр. Сондықтан қазіргі білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқу құралдарын мектеп пәндерін оқытуға пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Қашықтықтан оқыту болашақ 12 жылдық мектеп үшін елеулі білімдік мәні бар бірқатар қосымша мүмкіндіктерге ие болып отыр.

Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз адам білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі. Халықтың білім берудің мазмұны мен технологияларына қатысты жаңа сұраныстарын қалыптастыру. Қашықтықтан білім берудің әлеуметтік функциялары:

- халықтық әлеуметтік және кәсіби жұмылуын оның кәсіпкерлік әлеуметтік белсенділігін арттыру;
- елдің сапалы даярланған білікті мамандарға деген сұраныстарын қанағаттандыру;
- отандық жоғары мектепте жинақталған білімді кадрлық және материалдық әлеуметті сақтауға және көбейтуге жәрдемдесу.
- қоғамның білімділік деңгейін және білім сапасын арттыру.
- халықтың әр түрлі білім беру қызметтеріне деген, өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Негізінен қашықтықтан оқитын білім алушы жасаған білім нәтижелері, оның ішкі жеке басының өсуіне сәйкес келеді. Ғылыми білім беретін интернет-ресурстардың көлемінің өсуі адамзаттың әлемдік мәдени-тарихи жетістіктеріне жетудің мүмкіндігі білім берудін мазмұнының ролін өзгертеді. Web - ортада, электронды кітаптар мен вертуальді кітапханаларда бар білімдік ақпараттық қол жетімділдігі және көлемнің ұлғаюы және қашықтықтан оқыту қызметі нысандарының ашықтығы оқушылардың дүниетанымын әлемдік деңгейге дейін кеңейтеді. Сондықтан болашақ 12 жылдық мектепте қашықтықтан оқыту нысандарын бірыңғай ашық білім беру кеңістігіндегі ғаламдық білім беретін телекоммуникациялардың тиімді құралы ретінде лайықты орын алатыны анық.

Негізінен электрондық оқулықтар ара қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады. Электрондық оқулықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпарат көбірек қамтылуы керек, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды. [4]

Қорыта келетін болсақ қашықтықтан оқыту компьютерлік техника мен телекоммуникациялық желілерді қолдану барысында ұйымдастырылады. Ал телекоммуникациялық желілер оқытушы мен үйренуші арасында қашықтық проблемасын шешеді және жедел байланысты ұйымдастырады. Қазіргі ақпараттық технология құралдары материалдарды әр түрлі формада (графика, дыбыс, анимация, видео) пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютерлік үйрету және бақылау программалары тыңдаушыға, бір жағынан, оқу материалын жедел меңгеруге көмектессе, ал екінші жағынан, оқу материалдарын қандай деңгейде жедел меңгергенін бақылауға көмектеседі.

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
3. Білім беру жүйесін 2003-2005 жылға дейін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы.
4. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту» Мұхамбетжанова С.Т., ББЖКБАРИ

УДК 378.14

М.А. Асқарова, Е. Қазез*

ГЕОМЕТРИЯДАҒЫ ТІЗБЕКТЕР

(*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, *- студент*)

В статье рассматриваются межпредметные связи курса алгебры с геометрией. Рассмотрены и прогрессии в частности с геометрическим содержанием. Описаны несколько задач подтверждающих связь последовательностей с геометрией. При решении задачи на прогрессии используются различные знания из других разделов математики. Решение задач в процессе обучения формирует у учащихся логическое мышление и развивает творческую интеллектуальность.

In the article the connection between the subject of the course of the algebra to geometry is considered and progressed in particular with geometric content. Description of several tasks are supporting an association of sequences with the geometry. In the solution of the problem and the progression of knowledge in other various branches of mathematics. Solution of problems is learning forms is to develop the logical thinking of the students and create their intelligence.

Тарихи түсінік. Ежелгі вавилондықтардың сына жазу мәтіндерінде, египет папирустарында арифметикалық және геометриялық прогрессияға мысалдар кездесетіні белгілі болған. Ахмес папирусында бірінші мүшесімен еселігі бойынша геометриялық прогрессияның n мүшелерінің қосындысын табу жайлы есептер кездесетіні мәлім. Ежелгі қытайдың «Тоғыз кітаптағы математика» трактаттарында арифметикалық және геометриялық прогрессиялар жайлы айтылады, бірақ қосындыларын табу формуласы көрсетілмеген. Греция математиктерін аудан мен көлемді көпбұрышты (фигуралы) сандармен есептеу және прогрессиялармен байланысы қызықтырған. Біздің эрамызға дейін көптеген ғасырлар бұрын математиктер әр түрлі көпбұрыштардан соның ішінде жұлдызшалардан, әр түрлі сиқырлы орналасқан дөңгелекшелерден құралған тізбектерді қарастырған. Сондықтан, олар фигуралардың, тізбектердің қасиеттерін байқаған. Архимед (б.э.д. XIIғ.) параболалық сегментті есептеу үшін (яғни параболаның түзумен шектелген бөлігін) еселігі $\frac{1}{4}$-ге тең кемімелі шексіз геометриялық прогрессияның қосындысын $a+\frac{a}{4}+\frac{a}{4^2}+\ldots=\frac{a}{a-\frac{1}{4}}=\frac{4}{3}a$ пайдаланған.

Механика және геометрияның кейбір есептерін шешу үшін Архимед натурал сандардың квадраттарының қосындысын есептеу формуласын қорытып шығарды:

$$1^2+2^2+3^2+...n^2=\frac{1}{6}n(n+1)(2n+1).$$



Бірақ мұны оған дейін пайдаланған.

Әсіресе, дұрыс көпбұрыштардан құрылған тізбектер белгілі болды.

Дұрыс бесбұрыштың диагоналдары жұлдызды бесбұрыш құрайды, оны антикалық математиктер пентаграмма деп атаған.

Пентаграмманың ішінде дұрыс бесбұрыш жасалады.

Егер оның диагоналдарын жүргізсек, онда жаңадан тағы да пентаграмма алынады және т.с.с. тізбектеліп қайталана береді.Осылайша дұрыс бесбұрыштардың

кемімелі қабырғалары мен жұлдызшалардың сәулелері шексіз кемімелі геометриялық прогрессия құрайды.

Тізбектің геометриямен байланысын тұжырымдайтын бірнеше есептерді қарастыруға болады. Ол үшін геометриядан жалпы белгілі келесі фактілерді білу қажет:

- Пифагорлық үштік ұғымы.
- Герондық үшбұрыш ұғымы.
- Үшбұрыштың ауданының формуласы.
- Косинустар теоремасы.
- Үшбұрыштың медианасының ұзындығының формуласы.
- Төртбұрышқа іштей шеңбер сызуға болу шарты.
- Үшбұрыштардың ұқсастығы.

1-есеп. Тік бұрышты үшбұрыштың қабырғалары:

а) арифметикалық прогрессия;

ә) геометриялық прогрессия құрай ма? Осындай үшбұрыштарды табыңдар.



Шешуі.

а) Катеттері a,b гипотенузасы $c(a<b<c)$ тік бұрышты үшбұрышты қарастыралық.

Оның қабырғалары айырмасы $d>0$ арифметикалық прогрессия құрайтын болсын. Онда $b=a+d,\ c=a+2d$.

Пифагор теоремасы $a^2+b^2=c^2$ бойынша. Онда $a^2+(a+d)^2=(a+2d)^2$. Бұдан $a^2+a^2+2ad+d^2=a^2+4ad+d^2$, $a^2-2ad=0$. Осы теңдеуді a-ға қатысты шешіп, $a=-d$ алынды, қойылған шартты қанағаттандырмайды, немесе $a=3d$ болса, $b=4d,\ c=5d$.Осылайша d-ға мән беру арқылы және $a=3d$ қатысын пайдаланып $b=4d,\ c=5d$ немесе $a:b:c=3:4:5$ түрінде қабырғалары арифметикалық прогрессия құрайтын тік бұрышты үшбұрыштарды алуға болады. Мысалы, $d=1$ болғанда қабырғалары - $3;\ 4;\ 5$; $d=2$ болғанда қабырғалары - $9;\ 12;\ 15$ және т.с.с. тік бұрышты үшбұрыштарды алуға болады.

ә) Берілген үшбұрыштың қабырғалары еселігі $q>1$ болатын геометриялық прогрессия құрайтын болсын. Сонда $b=a\cdot q,\ c=a\cdot q^2$. Пифагор теоремасы бойынша $a^2+a^2q^2=a^2q^4;\ a^2(1+q^2)=a^2q^4;\ q^4-q^2-1=0$ теңдеуінен $q_1=\sqrt{\frac{1+\sqrt{5}}{2}},\quad q_2=-\sqrt{\frac{1+\sqrt{5}}{2}}.$

Екінші түбір есептің шартын қанағаттандырмайды. Олай болса, $q=\sqrt{\frac{1+\sqrt{5}}{2}}$ болғанда тік бұршыты үшбұрыштың қабырғалары геометриялық прогрессия құрайды.

2-есеп. Кез келген пифагор үштігі, мүшелері арифметикалық прогрессия $(3k;4k;5k)$ түрінде құрайтынын дәлелдеңдер, мұндағы $k \in N$.

Шешуі. $b=a-k,\ c=a+k$ болсын. Онда $(a-k)^2+a^2=(a+k)^2$ теңдігінен $a^2-4ak=0,\ a=4k$ болады.

Ескерту.Египет үшбұрышының қабырғалары тізбектес (қатарлас) натурал сандармен өрнектеледі, бұл пифагор үштігінің дербес жағдайы.

3-есеп. Егер тік бұрышты үшбұрыштың қабырғалары арифметикалық прогрессия құрайтын болса, онда оның айырмасы осы үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің радиусына тең болатынын дәлелдеу керек.

Шешуі. үшбұрыштың қабырғалары арифметикалық прогрессия құрайды, онда $2b=a+c$. Тік бұрышты үшбұрыштың ауданы $S=\frac{1}{2}a\cdot b$. Екінші жағынан $S=p\cdot r=\frac{a+b+c}{2}\cdot r=\frac{3b}{2}\cdot r$. Демек, $\frac{1}{2}a\cdot b=\frac{3b}{2}\cdot r;\ r=\frac{a}{3}$. Сондай-ақ, берілген үшбұрыштың қабырғалары арифметикалық прогрессия құрайтындықтан, $a=3d,\ b=4d,\ c=5d$. Осы сияқты $r=\frac{3d}{3}=d$. Мысалы, қабырғалары - $3;\ 4;\ 5$ тік бұрышты үшбұрышқа іштей сызылған шеңбердің радиусы $r=1$, ал қабырғалар - $9;\ 12;\ 15$ үшбұрыш үшін $r=3$.

4-есеп. Қабырғалары арифметикалық прогрессия құрайтын төртбұрышқа іштей шеңбер сызуға бола ма? Дәлелдеңдер.



Шешуі. қабырғалары a_1,a_2,a_3,a_4 арифметикалық прогрессия құрайтын $ABCD$ төртбұрышын қарастыралық $a_2=a_1+d;\ a_3=a_1+2d;\ a_2=a_1+3d$.

Төртбұрышқа іштей шеңбер сызу үшін $a_1+a_3=a_2+a_4$ теңдігі орындалуы керек.

$a_1+(a_1+2d)=(a_1+d)+(a_1+3d);\ 2d=4d;\ d=0$.

Қорытынды: Бұл жағдайда прогрессия тұрақты, ал төртбұрыш – ромб (немесе квадрат).

5-есеп. Қабырғалары геометриялық прогрессия құрайтын төртбұрышқа іштей шеңбер сызуға бола ма? Дәлелдеңдер.



Шешуі. қабырғалары b_1,b_2,b_3,b_4- геометриялық прогрессия құрайтын $ABCD$ төртбұрышын қарастыралық. $b_2=b_1\cdot q,\ \ b_3=b_1\cdot q^2,\ \ b_3=b_1\cdot q^3,\ (b_1>0,q>0)$ теңдіктері орындалады. Егер $b_1+b_3=b_2+b_4$ орындалса, төртбұрышқа іштей шеңбер сызуға болады.

$b_1+b_1\cdot q^2=b_1\cdot q+b_1\cdot q^3;b_1\cdot\left(1+q^2\right)=b_1\cdot q\left(1+q^2\right);\ \frac{b_1\cdot q\left(1+q^2\right)}{b_1\left(1+q^2\right)}=1;\ q=1$.

Прогрессия тұрақты. Төртбұрыш тек қана ромб немесе квадрат болуы мүмкін.

6-есеп. Қабырғалары және ауданы тізбектес (қатарлас) натурал сандармен өрнектелетін герон үшбұрышын табыңдар.

Шешуі. $x-1, x, x+1-$ үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары, ал $x+2-$ үшбұрыштың ауданы. Герон формуласы бойынша: $S=\sqrt{\frac{3}{4}x^2\cdot\left(\frac{x^2}{4}-1\right)}=\sqrt{\frac{3}{16}x^2\cdot\left(x^2-4\right)}$.

Олай болса, $(x+2)^2=\frac{3}{16}x^2\cdot\left(x^2-4\right)$. Түрлендіруден кейін, $(x+2)\left(3x^3-6x^2-16x-32\right)=0$ теңдеуі алынды, оның тек бір ғана оң $x=4$ түбірі болады. Берілген үшбұрыштың қабырғалары - $(3;4;5)$ және $S=6$-ға тең (Сонымен, египет үшбұрышының қабырғалары және ауданы арифметикалық прогрессия құрайды).

Ескерту. Егер $x-1,\ x+1,\ x+2-$ үшбұрыштың қабырғалары, ал x-ті ауданы десек, онда натурал сан түбірі болмайтын теңдеу түріне келеді.

7-есеп. Бұрыштары $\alpha,\beta,\gamma-$ арифметикалық прогрессия құрайтын және a,b қабырғалары сәйкесінше 1 және 4-ке үшбұрыштың ауданын табыңдар.



Шешуі. а) Үшбұрыштың бұрыштары $\alpha,\beta,\gamma-$ арифметикалық прогрессия құрады делік, онда $2\gamma=\alpha+\beta,\ \alpha+\beta+\gamma=180^0,\ 3\gamma=180^0,\ \gamma=60^0$.

Үшбұрыштың ауданы:

$S=\frac{1}{2}a\cdot b\cdot\sin\gamma,\ S=\frac{1}{2}\cdot1\cdot4\cdot\frac{\sqrt{3}}{2}=\sqrt{3}$.

б) $\alpha,\beta,\gamma-$ тізбегін қарастырсақ, онда $\beta=60^0$. Косинустар теоремасы бойынша c мәнін табамыз:

$$b^2=c^2+a^2-2a\cdot c\cdot\cos\beta;\ c^2+1-16-2\cdot1\cdot c\cdot\frac{1}{2}=0;$$

$c^2-c-15=0,\quad c=\frac{1+\sqrt{61}}{2}$.Сонымен $s=\frac{1}{2}a\cdot c\cdot\sin\beta,\ s=\frac{1}{2}\cdot1\cdot\frac{1+\sqrt{61}}{2}\cdot\frac{\sqrt{3}}{2}=\frac{\sqrt{3}\left(1+\sqrt{61}\right)}{8}$

Басқа жағдайда $\beta,\alpha,\gamma-$ арифметикалық прогрессия болмайды.

Ескерту. Есептің бір мәнді шешімі болуы үшін үшбұрыштың қабырғалары және бұрыштарының өзара орналасуына қатысты қажетті шарттар ендіру керек.

8-есеп. Сүйір бұрышқа іштей бір-бірімен жанасатын n дөңгелек сызылған. Осы дөңгелектердің радиустары геометриялық прогрессия құрайтынын дәлелдеңдер.

Шешуі. $A=2\alpha$ сүйір бұрышқа іштей бірімен-бірі жанасатын n дөңгелек сызылған. Олардың центрлері $O_1,O_2,O_3,\ldots,O_n$ берілген бұрыщтың биссектрисасында жатады.



$O_1B_1, O_2B_2, O_3B_3,\ldots,O_nB_n$ кесінділері дөңгелектердің радиустары. Алынған $AO_1B_1, AO_2B_2, AO_3B_3,\ldots,AO_nB_n$ үшбұрыштары екі бұрыштары бойынша ұқсас, олай болса, $\frac{AB_1}{AB_2}=\frac{r_1}{r_2},\ \frac{AB_2}{AB_3}=\frac{r_2}{r_3},\ldots,\frac{AB_{n-1}}{AB_n}=\frac{r_{n-1}}{r_n}$ орындалады.

Демек $r_2=k\cdot r_1,\ r_3=k\cdot r_2=k^2\cdot r_1,\ldots,r_n=k^{n-1}\cdot r_1$.

Сонда $r_1,\ kr_1,\ k^2r_1,\ldots,k^{n-1}r_1$ тізбектері алынады, ал, бұл өз кезегінде дөгелектің радиустары геометриялық прогессия құрайтынын білдіреді.

$$\frac{r_2}{r_1}=\frac{\frac{r_1}{\sin\alpha}+r_1+r_2}{\frac{r_1}{\sin\alpha}}$$, онда $k=\frac{1+\sin\alpha}{1-\sin\alpha}$.

Ескерту. Білім алушыларға прогрессияның еселігімен сүйір бұрышы шамасының арасындағы байланыстылықты анқтауды өз бетінше орындауға беруге болады.

9-есеп. Радиусы R дөңгелекке іштей квадрат, квадратқа іштей дөңгелек, осы дөңгелекке тағы да іштей квадрат сызылған және осылайша n рет қайталанады. Дөңгелектің аудандарының қосындысының тізбегінің жалпы саны үшін өрнекті табу керек.



$$R_1=R,\ R_2=\frac{R_1}{\sqrt{2}}=\frac{R}{\sqrt{2}},\ R_3=\frac{R_2}{\sqrt{2}}=\frac{R}{2},$$

$$R_4=\frac{R}{2\sqrt{2}},\ldots,R_n=\frac{R}{\left(\sqrt{2}\right)^{n-1}}.$$

Шешуі.

n дөңгелектің аудандарының қосындысы S_n болсын.

Сонда

$$S_n=\pi R^2+\pi R^2\cdot\frac{1}{2}+\pi R^2\cdot\frac{1}{2^2}+\ldots+\frac{\pi R^2}{2^{n-1}}=\frac{\pi R^2\left(\left(\frac{1}{2}\right)^n-1\right)}{\left(\frac{1}{2}-1\right)}=\frac{\pi R^2\left(1-\left(\frac{1}{2^n}\right)\right)}{\frac{1}{2}}=\frac{\pi R^2\left(2^n-1\right)}{2^n}.$$

10-есеп. Егер үшбұрыштың қабырғаларының квадраттары арифметикалық прогрессия құраса, онда оның медианаларының квадраттары арифметикалық прогрессия құрайтынын дәлелдеңдер.

Шешуі. есептің шарты бойынша a^2,b^2,c^2- арифметикалық прогрессия, сондықтан $2b^2=a^2+c^2$ орындалады. m_a^2,m_b^2,m_c^2- арифметикалық прогрессия құрайтынын дәлелдейміз.

Үшбұрыштың медианаларын табу формуласын пайдаланамыз.

$$m_a=\frac{1}{2}\sqrt{2b^2+2c^2-a^2},\ m_b=\frac{1}{2}\sqrt{2a^2+2c^2-b^2},\ m_c=\frac{1}{2}\sqrt{2a^2+2b^2-c^2}.$$

Бұдан

$$m_a^2=\frac{1}{4}\left(2b^2+2c^2-a^2\right),\ m_a^2=\frac{1}{4}\left(a^2+c^2+2c^2-a^2\right)=\frac{3c^2}{4};\ m_b^2=\frac{1}{4}\left(2a^2+2c^2-b^2\right),$$

$$m_b^2=\frac{1}{4}\left(2a^2+2\left(2b^2-a^2\right)-b^2\right)=\frac{1}{4}\left(4b^2-b^2\right)=\frac{3b^2}{4}.\qquad m_c^2=\frac{1}{4}\left(2a^2+2b^2-c^2\right),$$

$$m_c^2=\frac{1}{4}\left(2a^2+a^2-c^2-c^2\right)=\frac{3a^2}{4}.$$

Теңдіктің $m_b^2=\frac{m_a^2+m_c^2}{2}$ дұрыстығын тексереміз, яғни $\frac{1}{2}\left(\frac{3c^2}{4}+\frac{3a^2}{4}\right)=\frac{3}{8}\left(c^2+a^2\right)=\frac{3}{8}\cdot 2b^2=\frac{3}{4}b^2$ орындалады, үшбұрыштың медианаларының квадраттары арифметикалық прогрессия құрайды.

11-есеп. Үшбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары арифметикалық прогрессия құрайды. Осы үшбұрыштың ауданы периметрі оның периметріне тең, тең қабырғалы үшбұрыш ауданының $\frac{2}{3}$ бөлігіне тең. Берілген үшбұрыштың қабырғаларының қатынастарын табыңдар.

Шешуі. периметрлері тең екі үшбұрыштарды қарастырамыз. Бірінші үшбұрыштың қабырғалары: $x-d,\ x,\ x+d$; ал екінші үшбұрыштың қабырғалары a-ға тең. Үшбұрыштардың периметрлері тең, яғни $P_1 = 3x,\ P_2 = 3a$. Сәйкес, олардың аудандары:

$$S_1 = \sqrt{\frac{3x}{2}\cdot\frac{x-2d}{2}\cdot\frac{x}{2}\cdot\frac{x+2d}{2}},\ S_2 = \frac{a^2\sqrt{3}}{4} = \frac{x^2\sqrt{3}}{2}$$

. Есептің шарты бойынша $S_1 = \frac{2}{3}S_2$.

Олай болса, $\frac{\sqrt{3}}{4}\cdot x\sqrt{x^2-4d^2} = \frac{2}{3}\cdot\frac{x^2\sqrt{3}}{4}$. $\sqrt{x^2-4d^2} = \frac{2}{3}\cdot x,\ x^2-4d^2 = \frac{4}{9}\cdot x^2$,

$$\frac{5}{9}x^2 = 4d^2,\ x^2 = \frac{36}{5}d^2,\ x = \frac{6d}{\sqrt{5}}.$$

Берілген үшбұрыштың қабырғалары: $\frac{\sqrt{5}d(6-\sqrt{5})}{5}, \frac{6d}{5}, \frac{\sqrt{5}d(6+\sqrt{5})}{5}$. Олардың қатынастары: $\left(6-\sqrt{5}\right):6:\left(6+\sqrt{5}\right)$.

Осындай есептерді арифметикалық және геометриялық прогрессияларды оқытуда пайдалануға болады. Прогрессияларға осындай есептерді шығарту барысында планметрия курсының материалдарын қайталайды және де алгебра мен геометрияның байланыстылықта екеніне көз жеткізеді. Тарихи материалдарды пайдалану білім алушылардың оқып үйренетін пәніне қызығушылығын, ынтасын дамытады.

1. Глейзер А.О. История математики в школе. М, «Просвещения», 1982.
2. Зильберберг Н.И. Алгебра-9.Для углубленного изучения математики учебное пособие. Псков, 1993.

УДК 371.3

Е.М. Байзакова

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ В РАЗЛИЧНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ В ТРУДАХ ПЕДАГОГОВ-ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ

(г.Алматы, КазНПУ им.Абая)

Бұл мақалада қазақтың белгілі, көрнекті ғалым, ағартушыларының еңбектеріндегі оқыту әдістері туралы ой пікірлері ұсынылған. Оқыту процесіндегі оқу бағдарламалары мен оқу құралдарының алатын орны көрсетілген. Ғалымдардың оқу процесіне қосқан ұлестері. Түрлі оқыту әдістерімен тәсілдерінің ерекшеліктері аталған. Орыс педагогы-ғалымы К.Д.Ушинскийдің бұл мәселеге жөнінде көзқарасы мен педагогикалық ілімі сипатталған.

The Kazakhstan teachers sights on using of teaching methods of the Kazak schools. Signifinances of Y.Altynsarin and A.Baitursynov in education teaching program and handouts. Differences peculiarity teaching ways. The opinion and pedagogical teach of K.D.Ushinski about this problem.

Проблема методов обучения освещается в дидактических трудах выдающихся русских педагогов К.Д. Ушинского и П.Ф. Каптерева.

Теория К.Д.Ушинского основывалась на закономерностях развития личности ученика и ставила цель – совершенствовать его познавательные способности с помощью рационально организованного обучения. Одна из главных идей этой теории заключалась в том, что методы обучения в принципе должны быть теми же, на которых основывается познавательная деятельность взрослого человека, в том числе и научное познание в целом.

Основываясь на объективных данных педагогической теории и практики, а также учитывая соответственные достижения гносеологии, К.Д.Ушинский дает определение методам обучения и подчеркивает: «два главных метода преподавания и учения: метод синтетический и метод аналитический». Особенностью использования каждого является приложимость того и другого метода к разным предметам изучения.

Необходимо также отметить, что К.Д.Ушинский правильно считает односторонним такое обучение, которое построено лишь на индукции (синтетический путь), или на дедукции (аналитический путь). Процесс обучения требует их соединения. Кроме того, он правильно разграничивает методы устного изложения, указывая на диалогические (сократический) и монологические (догматический и акроаматический), и определяет формы их применения. Наряду с этими методами особое значение придавал устным и письменным упражнениям, а также работе над книгой. Не упускал из виду и наглядное обучение, которое определял как «такое учение, которое строится не на отвлеченных представлениях и словах, а на конкретных образах, непосредственно воспринятых ребенком». [1]

Дидактические идеи К.Д.Ушинского получают продолжение в трудах П.Ф.Каптерева, который в работе «Дидактические очерки» рассматривает «Педагогический процесс» как взаимосвязанную деятельность учителя и учащихся, с одной стороны – это направляющее влияние учителя, с другой стороны – это внутренняя деятельность самого ученика.

Раскрывая сущность педагогического процесса, ученый обратил внимание на две взаимосвязанные стороны: Саморазвитие ученика и воспитание и обучение. Поэтому он считал необходимым поставить школьное образование на почву саморазвития личности, использовать при школьном обучении его начала, методы и приемы, которые не облегчают процесс познания, а обеспечивают сознательность усвоения материала.

Разработка П.Ф.Каптеревым вопроса о педагогическом методе, раскрытие правильного понимания его сущности, соотношение между педагогическим и научным методом изложения, представляет большой научный интерес.

Педагогический метод от метода научного изложения отличается двумя чертами: 1) элементарностью и 2) вопросно-ответной формой. Главные черты метода первоначального обучения – это наглядность и элементарность. Каптерев отмечает, что надо отличать элементарное в педагогическом от элементарного в логическом смысле. Например, пониманию ребенка доступно целое животное – это в педагогическом смысле, а в логическом смысле пониманию доступен отдельный его орган. Значит, различая педагогический и логический «элемент», необходимо обучение начинать с педагогических элементов науки. Элементарность обучения по своей сути требует вести обучение от изучения конкретных фактов к выводам, т.е. следовать индукции обучения, которая в свою очередь и предполагает наглядность. Т.о., как в учебном процессе, формах педагогического метода Каптерев различал две стороны – внешнюю и внутреннюю.

П.Ф.Каптерев характеризовал как антипедагогический. Знание мертво, обучение при этом есть простая выучка, лишенная образовательного значения. Два других вида вполне педагогичны.

Особенно высокую оценку П.Ф. Каптерев дает эвристической форме (методу) обучения, т.к. она способствует развитию умственной самостоятельности детей. Каптерев призывал учителей периодически обязательно пользоваться эвристическим методом, понимая под этим самостоятельный анализ и обобщение фактов учащимися с помощью наводящих вопросов учителя. Этот метод развивает способность ребенка искаать, исследовать и открывать.

Кроме того, П.Ф. Каптеревым разработан и метод организации образовательных экскурсий для учащихся как в младшей, так и в старшей ступени. Экскурсии важны и полезны, они служат для непосредственного ознакомления и и наблюдения за различными явлениями природы.

Внимательно вчитываясь в педагогические сочинения П.Ф. Каптерева, мы пришли к выводу, что многие его идеи основаны на взглядах педагогов-прошлого. Об этом он пишет так: «отбросить все добытое в области педагогики и начать жить сначала неразумно. Следует критически относиться к прошлому, переоценивать его результаты, с выбором применять их к настоящему».[2]

Высказанная точка зрения П.Ф. Каптеревым убедительна для многих исследователей.

Ы. Алтынсарин, великий просветитель и педагог казахского народа, опираясь на наследие ученых Западной Европы и России, рассматривает проблему методов обучения в связи со спецификой национальной национальной школы.

Специфика национальной школы проявляется в использовании тех или иных методов обучения. На их выбор влияет индивидуальность обучаемых. Роль учителя при этом огромна.

Руководствуясь наблюдением К.Д. Ушинского, очень серьезно формулирует концепцию использования методов обучения в начальных классах русско-казахских школ в учебниках «Киргизская хрестоматия», «Руководство к обучению русскому языку в киргизских школах». Особое значение придает Ы. Алтынсарин использованию таких методов обучения как: объяснение, беседа, устные и письменные, графические упражнения (схемы, таблицы).

В его арсенале также выделяются предметный и переводной методы обучения. Переводной метод обучения Ы. Алтынсарин предлагает использовать при обучении русскому языку учащихся – казахов. Он стремится так обучить степных детей, чтобы они владели им как родным. Разъясняя учителям широкое значение учебных методов и приемов обучения, Ы.Алтынсарин, говорил что: «методы обучения – это путь пробуждающий интерес, охоту к учению, занятиям, науке, самообразованию…»[4] Указания Ы. Алтынсарина, адресованные учителю (как лучше учить?), и учащимся (как учиться?) свидетельствуют о его глубокой осведомленности в этих вопросах.

Рекомендуемые Ы.Алтынсариным методы и приемы обучения письму, родному и русскому языкам являются продолжением методических установок К.Д.Ушинского: приучать и глаз, и руку, и язык, и внимание, упражнять все способности ребенка, возбуждать его самостоятельность.

Ы. Алтынсарин, стремясь строить казахскую школу по образцам передовой русской школы, критически оценивает рекомендации русских педагогов. Повседневная практика, а также работа учителей помогают определить результативность различных приемов и методов обучения. Дидактические указания Ы. Алтынсарина направлены на изжитие формального, притупляющего ум ребенка механического подхода к вещам.

Разработка теории и практики методов обучения в Казахстане в 1920-30 гг. основывались на многих положениях, сформулированных в трудах педагогов-классиков. Просвещенцы интересующего нас исторического периода решали много неотложных задач: выявляли основные черты познавательного процесса, определили методы и приемы обучения, решили вопросы обеспечения школ учебными планами, программами, создавали учебники и учебные пособия на казахском языке. Особое внимание деятели образования уделяли подбору новых методов и приемов обучения в национальных школах.

А. Байтурсынов – видный педагог, просветитель автор первых учебников казахского языка. А байтурсынов придавал огромное значение обучению детей родному казахскому языку и пропагандировал буквенный метод обучения грамоте. Он сторонник индуктивно-дедуктивного метода. В конце XVII в. определилось мнение о преимуществе дедуктивного метода по сравнению с индуктивным, иллюстрацией которого служит интересный пример: «изучение чапана надо начинать не с ворота или подола, а с самого чапана».[5]

Дидактические идеи А. Байтурсынова нашли отражение в таких работах, как «Обучение по-казахски», «Нужды школы», «Начальная школа».

В статье «Об обучении по-казахски» («Қазақша оқу жайынан»), А.Байтурсынов отмечает, что воспитатели или же учителя, занимаясь обучением учащихся, должны учитывать настроение и психологию учащихся, а также умственное и физическое развитие ребенка» [5]. «Нужды школы», («Мектеп керектері»), очень своевременная работа, в которой А. Байтурсынов перечислил многочисленные проблемы, стоящие перед школой, подробно останавливаясь на основных. К числу последних относится нехватка опытных, творчески работающих учителей, владеющих методами обучения, а значит, знающих методику преподавания предмета. Успешное обучение учащихся зависит от учителя, определяется его знаниями, мастерством» [6]. Работы А. Байтурсынова, его мысли являются всеобщим достоянием, т.к. в содержании вышеизложенных статей есть много общего с настоящим. В частности он резюмирует: «Суть школы определяют три кита», учебники, программы, учитель, разумеется роль учителя самая главная)». Отсюда известно, что, во-первых щколе необходим учитель грамотный, знающий основы педагогики, владеющий приемами обучения и умеющий преподавать, т.е. обучать детей. Во-вторых, для процесса обучения необходимы и средства. В-третьих, программы. [6].

Работы А. Байтурсынова трагически завершившего свой жизненный путь, известны широкому кругу людей интересующихся педагогическими проблемами, поэтому хочется, нужно, чтобы каждая его мысль стала всеобщим достоянием.

Изучая педагогические сочинения названных ученых, мы пришли к выводу, что многие их идеи и взгляды на национальное образование актуальны и в настоящее время.

1. Ушинский К.Д. и проблемы народного образования в Казахстане. Алма-Ата, 1975.- 121 с.
2. Каптерев П.Ф. Дидактические очерки: Теория образования. -1915. -344с.
3. Каптерев П.Ф. Избр.пед.соч. М.: Педагогика, 1982.-652с.
4. Записки Алтынсарина о киргизских волостных школах. Воспоминания об Алтынсарине. Оренбург, 1956г.- 373с.
5. Байтурсынов А. Ақ жол. Алматы: «Жалын», 1991.-461б.
6. Байтурсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: «Ана-тілі». 1992 -171б.

УДК 629.7.064.56.

**А.Н. Бахтибаев, А.Н. Курмантаев, Б. Бекмурзаев,
Д.К.Алимов, Ш.Ж. Раманкулов**

ФОТОЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ БАТАРЕИ И УСТАНОВКИ, ЭФФЕКТИВНО РАБОТАЮЩИХ В УСЛОВИЯХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

(г Туркестан, МКТУ имени Х. А. Ясави)

Қазіргі таңда өндірістің және ауыл шаруашылығының қарқынды дамуы себепті, электр энергиясына болған тапшылық күннен-күнге артуда. Сонымен қатар экология жағынан тиімді болған альтернативті энергия көздеріне болған сұраныстар артуда. Бұл мақалада күн энергиясын электр энергиясына түрлендіретін қондырғылар, оларды ауыл шаруашылығында пайдалану және тиімді қондырғыларды істеп шығару жөнінде пікірлер қарастырылған.

Nowadays, industrial and agricultural manufacture is quickly developing, at the same time the demand to energy rises too. As well, it is increasing the demand to ecological clean alternative seed of energy. This article deals with the problems of reforming installation of sun energy to elastic and its using in agriculture, also production of beneficial installations.

К наиболее изученным и готовым к применению из возобновляемых видов энергии (ВИЭ) является использование солнечной энергии, в том числе фотоэлектрического преобразования энергии. В настоящее время фотоэлектрический метод преобразования энергии солнечного излучения в электрическую энергию является одним из ключевых резервов современной и будущей энергетики.

Основным материалом при производстве СЭ остается кремний. СЭ из кристаллического кремния с *p-n* переходом по-прежнему занимают ведущее положение в фотоэлектрической энергетике. Тенденция уменьшения стоимости электрической энергии производимой СЭ в дальнейшем связывается с ростом эффективности преобразования за счет улучшения качества исходного кремния, разработкой новых эффективных конструкций элементов, увеличением объемов производства СЭ, использованием более дешевого кремния и дешевых материалов и комплектующих при производстве фотоэлектрических установок.

В республиках Центральной Азии, всевозрастающий дефицит энергии частично можно восполнить также за счет использования ВИЭ, отличающихся экологической безвредностью и доступностью для потребителей.

Фотоэлектрическая установка (ФЭУ) является сложной многоуровневой технической системой, предназначенной для преобразования солнечного излучения в электрическую энергию [1]. Высокий уровень притока солнечной радиации на территории республик Центральной Азии (830–880 Вт/м^2) в сочетании с особенностями подстилающей поверхности и циркуляции атмосферы формирует континентальный тип климата, который позволяет эффективно эксплуатировать ФЭУ в данных условиях на протяжении всего года [2]. Полная безопасность для окружающей среды и автономность — основные критерии побудившие создать стационарную ФЭУ мощностью 140 Вт для освещения внутренних помещений и работы бытового оборудования (телевизоры, компьютеры и др.) потребителя.

Фотоэлектрическая установка состоит из фотоэлектрической батареи площадью (размер стекла) 1300 X 830 X 0,2 мм^3 . Фотоэлектрическая батарея собрана из 40 шт. последовательно соединённых кремниевых солнечных элементов. Такое количество СЭ в фотоэлектрической батареи с одной стороны увеличивает возможность накопления энергии (зарядки аккумуляторных батарей) при относительно меньших энергиях потока солнечного излучения (облачность с уровнем потока излучения 250-300 Вт/м^2), с другой стороны дает возможность работы ФЭУ при высоких температурах окружающей среди до 50 С^o (примерно до 80 С^o на СЭ). Размер отдельного солнечного элемента составляет 156 Х 156 мм. Напряжение холостого хода $U_{\text{Х.Х}}$ и ток короткого замыкания $I_{\text{К.З}}$ солнечных элементов в условиях Центральной Азии при температуре $T = 10$ °С и $E = 800$ Вт/м^2 составляют 0,59-0,62 В и 6,4-6,8 А В соответственно, а изготовленной фотоэлектрической батареи $U_{\text{Х.Х}}$ = 23,4-23,7 В, $I_{\text{К.З}}$ = 6,3-6,6 А. Фотоэлектрические батареи установлены на опоре снабжённой поворотно-вращательным механизмом для ориентирования в пространстве относительно направления солнечного потока (рис. 1).Опора имеет сборно-разборную конструкцию.

Рисунок 1. Фотоэлектрическая установка ФЭУ-140

Состав:

1. Фотоэлектрическая батарея, мощность 140 Вт;
2. Контроллер мощностью 300 Вт
3. Экономные лампы мощностью 20 Вт
4. Аккумуляторная батарея емкостью 100 -120 А час
5. Инвертор, мощностью 1000 Вт

Было исследовано влияние температуры на параметры ФЭБ и показано, что в условиях жаркого климата Центральной Азии, в летний период года (май-сентябрь) происходит «перегрев» СЭ в составе ФЭБ. Этот «перегрев» (несоответствие по температуре при котором измерены параметры ФЭБ согласно паспорту и условий работы ФЭБ) может составить до 45-50^{o}С. Из-за этого снижается напряжения холостого хода ФЭБ, вследствие чего существенно уменьшается ток зарядки АБ в системе аккумулирования энергии ФЭУ. В результате влияния температуры нагрузочные ВАХ СЭ, ФЭБ трансформируются в худшую сторону. В реальных условиях (вторая половина мая - первая половина сентября) республик снижение эффективности в некоторых случаях составляет более 50 % от паспортного значения.



Нагрузочная вольт-амперная характеристикаФЭБ на основе СЭ из кремния при различных температурах. 1- при температуре окружающей среды 15 °С (температура на тыльной поверхности элемента 37 °С; 2- 30 °С (54 °С); 3- 45 °С (71 °С)).

Таким образом, при условиях, характерных для регионов Узбекистана в летние время года (при скорости ветра менее 5 м/сек) ФЭБ, изготовленные на основе 36 СЭ, не могут работать эффективно из-за уменьшения тока зарядки в несколько раз, по сравнению с паспортными данными.

Были проведены измерения температуры ФЭБ на фронтальной поверхности и тыльной стороне СЭ при различных значениях температуры окружающей среды. Измерения, проведенные в июле – августе 2011 года при скорости ветра 1-3 м /сек, показали, что разница температур доходит до 52 ºС (при температуры окружающей среды 47-48 ºС). Это приводит к уменьшении Uxx от более 20 В паспортного значения, до 16,4-16,5 В в реальных условиях.

Основываясь на этих исследованиях, была пересмотрена конструкция ФЭУ. При изготовлении ФЭБ для регионов республики учитывали высокие температуры и эксплуатационные условия, и связанное с этим падение напряжения холостого хода ФЭБ и тока заряда АБ. Для полного функционирования ФЭУ в летний период года необходимо увеличить количество СЭ с 36 шт. до 40 шт.

В отличие от /3-4/ в фотоэлектрической установке с целью повышения эффективности и уменьшения себестоимости проведены следующие технологические и конструкторские изменения, которые позволили довести степень локализации производства до 71-73 %.

1. Фотоэлектрическая батарея состоит из 40 СЭ соединенных последовательно при помощи специально изготовленных проводящих шин. Увеличение количества СЭ даёт возможность эффективной работы ФЭБ при температурах окружающей среди более 35 °С в тени /2/ в условиях Узбекистана, то есть частично компенсирует потери напряжения батареи за счет «перегрева» СЭ. Такая конструкция ФЭБ позволяет увеличить время зарядки АБ при пасмурной погоде, а также в утренние и вечерние часы работы, примерно, на 8-10 % по сравнению со стандартной фотоэлектрической батареей, состоящей из 36 СЭ.

2. Разработана технология герметизации СЭ с применением силиконовых герметиков. Эти герметики отличаются высокой водостойкостью, эластичностью, хорошей адгезией к большинству материалов, высокой термостойкостью, стойкостью к солнечному ультрафиолету, к агрессивным средам и долговечностью. В качестве фронтального покрытия использовано каленое стекло размером 1300 Х 830 х 6 мм3.

Для аккумулирования электрической энергии и использования её в тёмное время суток разработана система аккумулирование энергии, состоящая из аккумуляторной батареи (АБ) и контроллера. Емкость используемой аккумуляторной батареи 100-140 А/час. Контроллер уровня заряда фотоэлектрической батареи обеспечивает визуальный контроль за уровнем заряда аккумулятора, а так же при работе фотоэлектрической батареи на нагрузку без АБ выполняет функцию стабилизатора напряжения при достаточном освещении панелей.

В целях рационального использования электрической энергии ФЭУ снабжена современными эффективными 4-6 люминесцентными лампами, каждая мощностью 20 Вт.

Фотоэлектрическая установка комплектуется инвертором –преобразователем постоянного тока с напряжением 12 В в переменный с напряжением 220 В и с частотой 50 Гц. Мощность инвертора составляет 1000 Вт.

Испытание фотоэлектрической установки проводилось в полигоне в натурных условиях естественного солнечного освещения. В качестве нагрузки использовали 5 люминесцентных ламп (100 Вт), компьютер мощностью 200 Вт, вентилятор мощностью 100 Вт. Разработанная фотоэлектрическая установка удобна в эксплуатации и может иметь применение во всех регионах Центральной Азии (Узбекистан, Туркменистан, Казахстан) в качестве источника электрического питания.

1. Р.Б. Ахмедов, И.В. Баум, В.А. Пожарнов, В.М. Чаховский. Солнечные электрические станции. Сер. “Гелиоэнергетика” (Итоги науки и техники ВИНИТИ). Москва. 1986, с. 120.
2. В.Е. Чуб. Изменение климата и его влияние на природно-ресурсный потенциал Республики Узбекистан. Ташкент. Типография Главгидромета РУз, 2000, 253
3. Турсунов М. Н., Мирзабаев А. М., Дадамухамедов С., Канонеров В. П., Абдуллаев Э., Тукфатуллин О. Ф. Фотоэлектрическая установка уличного освещения на основе кремниевых солнечных элементов , Гелиотехника 2009 №1 С.26-30.
4. Турсунов М.Н.,Дадамухамедов С., Кононеров В.П., Мирзабаев А.М., Тукфатуллин О.Ф. Исследование параметров фото- тепло преобразователя на основе кремниевых солнечных элементов, Гелиотехника, 2008 № 1 с.24-27

УДК 551.521.64.

Ж.Ж. Бейсебекова

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИКИ КОСМИЧЕСКИХ ЛУЧЕЙ С ПОЗИЦИИ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

(г. Алматы, КазНПУ имени Абая)

Ғарыш сәулелерін шығарушы галактикалық нысандардың өзекті мәселелері туралы тиісті мағлұматтар келтіріледі. Әр түрлі нысандар өндіретін сәулелердің энергетикалық диапазондары туралы нақты мәліметтер беріледі. Энергетикалық тұрғыдан осы сәулелердің табиғаты түсіндіріледі. Жер атмосферасына жететін электрмагниттік толқындардың түрлері аталып, шығу көздері айқындалады. Осы сәулелер мен толқындарды тіркеуге арналып құрылған «Фотон-800» қондырғысының мүмкіншіліктері баяндалады.

